

**Іс-шараның мақсаты:** мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығын көпшілікке паш ету.

Оңтүстік Қазақстан облыстық арнайы көзі қорғайтын және әлсіз қорғайтын азаматтарға арналған кітапханада ОҚО «Шалқар шабыт» мұғалімдер қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен және арнайы кітапхана және ОҚОЖКҰ және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен жалпы мүмкіндігі шектеулі жандар арасында облыстық «Молдіреген жыр сезім» атты жазба акындардың жыр мұшайрасы болып өтті. Мұшайраны өткізудегі негізгі мақсат: мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығын шыңдап, өмірге деген махаббатына мән кіргізіп өнерін өрістетіп, талабын үштап олар жыр жазатын акындардың тың туындыларын қоғам назарына ұсынып, көпшілікке паш ету болып табылады. Осыған орай өткен жыр мұшайраға облысымыздың 10 ауданынан 11 үміткер қатысып, берілген тақырыптарға олардың жолдады. 1- тақырып жеңістің 70 жылдығына арналса, 2 тақырып «Өмірдің сүйемін әр күнін» атты олар болатын және еркін тақырыпта қосымша жырлар қатыстырылды. 7 үміткер жүлделі орындарға ие болды. Кеш тізгінін, кешті ұйымдастырушы аталмыш бірлестік төрайымы Ермаханова Мадина мен бірлестік төрайымының орынбасары арнайы кітапхана қызметкері Ербек Бакиев жүргізді. Алдымен бірлестіктің атқарған жұмыстарымен жеткен жетістіктерін көпшілікке таныстырып өтіп одан әрі мерекелік кешті ашып беру үшін қолдау қорсеткен арнайы кітапхана басшысы Нұрманбетов Бәкір Әбдіұлына сөз берілді. Кітапхана басшысы қатысқан акындарға шығармашылық табыс тілеп оқырмандарға әсерлі ойымен болісті. Кеш барысында әуезді әндер орындалып тамаша туындылар оқырман қауымның жүрегіне жол тартты. Мұшайраға қатысқан үміткерлер жеңістің 70 жылдығына және өмірге шексіз күштілігінен туган жүректен шыққан тұнық сезімге толы жауһар жырларын оқыды. Акындарға ерекше сый құрмет жасалып, арнайы орындармен қаржылай сыйлықтармен дипломдармен гүл шоқтары және КСК төрағасы Алтынбеков Нұргали сөз алып жеңімпаздарды құттықтап Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бейнеленген суреттерді тарту өтті.

Мұшайраның жалғасы ОҚО «Шалқар шабыт» мұғалімдер қоғамдық бірлестігінің қолдауымен жарыққа шыққан жас акын ОҚО арнайы кітапхана қызметкері Ербек Бакиевтың «Жас жаным күшті ақ таңға» атты кітабының шығармашылық тұсаукесер кешіне ұласты. Кешті арнайы кітапхана директорының орынбасары Темірбаева Ләззат Сағынбекқызы жүргізді. Шығармашылық кеште жас акынның жырлары оқылып, сөзіне жазылған әндерді Ермаханова Мадина, Төрбай Нұржан, Смандияр Айнұр, Тайтелиева Ақжүніс сынды талантты әншілер өз нақышында орындады. Кеш соңында акын сөз алып, жана жазылып саясы әлі кеппеген «Өмір көші» атты тың туындысын оқырманға паш өтіп, келген қонақтарға алғыс білдіріп, ақ тілегін жолдады. Кітапхана ұжымы акынға лайық сый жасап бағалы заттай сый-сияпаттар тарту өтті. Келген қорермен әдебиет айдынында халықтап, поэзия әлеміне терен бойлап олар жыр мен әсем әндерден рухани

## «Молдіреген жыр сезім» (Жазба акындар жыр мұшайрасы)

Авторлар: specbib  
19.05.2015 09:39 -

---

зор азык алып, ерекше сезіммен толкып, молдіреген жыр сезімнін кәусарына канып кайтты.



## «Мөлдiреген жыр сезiм» (Жазба акындар жыр мұшайрасы)

Авторлар: спецбiб  
19.05.2015 09:39 -

---

